ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 28 қараша 7119-24-00-2/14853 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Еркінғали Нұржан Ерболұлы»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Еркінғали Нұржан Ерболұлы» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талабы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Еркінғали Нұржан Ерболұлы» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Еркінғали Нұржан Ерболұлы» жеке кәсіпкерінен шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 17 425 (он жеті мың төрт жүз жиырма бес) теңге сомасында тұрақсыздық айыбы және 523 (бес жүз жиырма үш) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Еркінғали Нұржан Ерболұлы» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 697 (алты жүз тоқсан жеті) теңге сомасында тұрақсыздық айыбын өндіру талабы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Документ подписан: Шамшильдин Т., 28.11.2024

Дата вступления в законную силу: 05.01.2025, судья Шамшильдин Т., 10.01.2025